



ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжайының 2025-2026 оқу жылындағы ата-аналармен жұмыс жоспары

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруде ата-аналардың педагогикалық құзыреттіліктерін жоғарылату, баланың жан-жақты дамуы үшін ата-аналар мен бөбекжайның өзара әрекетін белсендендіру, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін жоғарылату.

№\Айлар	Жүргізілетін жұмыс түрлері мен мазмұны	Жауаптылар
№1 Қыркүйек	1. Жаңадан келген ата-аналармен танысу, келісім-шарт жасасу, бейімделу кезеңінде кеңес беру. 2. Жалпы ата-аналар жиналысы: «Баланы ерте дамытуда ата-ана мен бөбекжай ынтымақтастығы» · Жаңа 2025–2026 оқу жылының басталуымен құттықтау. · Бөбекжайдың жылдық жұмыс жоспары және негізгі міндеттерімен таныстыру. · Тәрбиеленушілердің жеке іс-қағаздарын толықтыру мәселесі. · Әртүрлі мәселелер.	Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, медбике
№2 Қазан	1. Көрме: «Сары алтындай Алтын күз» (табиғи материалдардан балалар мен ата-аналардың бірлескен жұмыстары).	Әдіскер, тәрбиешілер
№3 Қараша	1. Ақпараттық стенд дайындау: «Үйде және көшеде қауіпсіздік ережелері» (ата-аналарға жарақаттанудың алдын алу бойынша көрнекі ақпарат).	Тәрбиешілер, медбике
№4 Желтоқсан	1. Кеңес: «Қыс мезгілінде балалар денсаулығын сақтау». 2. Кеңес: «Балаларға арналған үздік ертегілер мен кітаптар».	Тәрбиешілер, медбике, әдіскер

	3. Жаңа жылдық ертеңгіліктер (ата-аналардың қатысуымен өткізу).	
№5 Қаңтар	1. «Қысқы қызықтар» – аула алаңында ата-аналармен бірлесіп қар мен мұздан жасалған мүсіндер көрмесі.	Тәрбиешілер
№6 Ақпан	1. Ашық есік күні: Ата-аналарға топтағы оқу-тәрбие іс-әрекеттерінің барысын көрсету, кері байланыс.	Әдіскер, тәрбиешілер
№7 Наурыз	1. Мерекелік ертеңгілік: «Анашым –алтыным» (8-наурызға арналған). 2. Ұлттық дәстүрлер апталығы: «Салт-дәстүр – ұрпақ қазынасы». 3. Наурыз мейрамын ата-аналардың қатысуымен өткізу (22 наурыз).	Тәрбиешілер, әдіскер
№8 Сәуір	1.«Әкем, анам және мен – спорттық отбасы» спорттық сайысы. 2.Медбикенің кеңесі: «Балалардың дұрыс тамақтану режимі және дәрумендер».	Тәрбиешілері, бөбекжай әкімшілігі, медбике
№9 мамыр	«Бір жылғы жетістік – болашақтың бастауы» (Оқу жылын қорытындылау)	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер

**ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжайының 2025-2026 оқу жылындағы
ата-аналар жиналысының хаттамалары**

№ 1 хаттамасы

Өткізілген уақыты: 01 қыркүйек 2025 жыл

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, бөбекжай әкімшілігі, медбике және топ ата-аналары.

Жиналыс / Іс-шара тақырыбы: «Баланы ерте дамытуда ата-ана мен бөбекжай ынтымақтастығы»

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Жаңадан келген ата-аналармен танысу, екіжақты келісім-шарт жасасу және бейімделу кезеңінде психологиялық, медициналық кеңестер беру.
2. Жаңа 2025–2026 оқу жылының басталуымен құттықтау және бөбекжайдың жылдық жұмыс жоспарымен, негізгі міндеттерімен таныстыру.
3. Тәрбиеленушілердің жеке іс-қағаздарын (құжаттарын) түгендеу және толықтыру мәселесі.
4. Ата-аналар комитетінің құрамын сайлау және басқа да әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды (Барысы):

Бөбекжай меңгерушісі: Ф.Х.Даумова ата-аналарды жаңа 2025-2026 оқу жылының басталуымен құттықтап, бала құқықтары мен екіжақты келісім-шарттың маңыздылығын түсіндірді. Медбике жаңадан келген балалардың бейімделу (адаптация) кезеңі туралы сөз қозғап, денсаулық пен күн тәртібін сақтау бойынша маңызды кеңестер берді. Әдіскер балабақшаның осы оқу жылына арналған білім беру жоспарын, мақсат-міндеттерін баяндады. Топ тәрбиешілері ата-аналардан балалардың жеке іс-қағаздарына қажетті құжаттарды уақытылы тапсыруды сұрады. Жиналыс соңында ашық дауыс беру арқылы жаңа оқу жылына арналған ата-аналар комитетінің құрамы бекітілді.

Жиналыстың / Іс-шараның қаулысы (Шешімі):

- Бөбекжай мен ата-ана арасындағы келісім-шарт талаптары екі тараптан да мүлтіксіз орындалсын.
- Бөбекжайдың ішкі тәртібі мен күн режимі қатаң сақталсын, балалар уақытылы әкелінсін.
- Тәрбиеленушілердің жетіспейтін құжаттары (жеке іс-қағаздары) ағымдағы айдың соңына дейін толық өткізілсін.
- Сайланған ата-аналар комитетінің құрамы мақұлдансын және оқу-тәрбие үдерісіне белсенді атсалыссын.

Жиналыс төрайымы: 
Жиналыс хатшысы: 

Ф.Х.Даумова
Ж.Г.Есаева

**ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжайының ата-аналар іс-шарасының
№ 2 хаттамасы**

Өткізілген уақыты: 23 қазан 2025 ж.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, бөбекжай әкімшілігі, медбике және топ ата-аналары.

Жиналыс / Іс-шара тақырыбы: ««Сары алтындай Алтын күз» табиғи материалдар көрмесінің қорытындысы»

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. «Сары алтындай Алтын күз» көрмесіне ата-аналар мен балалардың бірлескен шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру.
2. Балалардың қолөнер және табиғат материалдарымен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

Тыңдалды (Барысы):

Әдіскер мен тәрбиешілер күз мезгіліне орай ұйымдастырылған «Сары алтындай Алтын күз» көрмесінің маңыздылығын атап өтті. Табиғи материалдардан (жапырақтар, көкөністер, тұқымдар) жасалған бұйымдар балалардың саусақ моторикасын және шығармашылық қиялын дамытуға үлкен септігін тигізетіні айтылды. Көрмеге белсенді қатысып, қолөнер бұйымдарын бірге жасаған ата-аналарға алғыс білдірілді.

Жиналыстың / Іс-шараның қаулысы (Шешімі):

- «Сары алтындай Алтын күз» көрмесі жоғары деңгейде өтті деп есептелсін, белсенді отбасылар марапатталсын.
- Балалардың шығармашылық қабілетін арттыру мақсатында үй жағдайында да түрлі қолөнер жұмыстарымен айналысу жалғастырылсын.

Жиналыс төрайымы: 

Ф.Х.Даумова

Жиналыс хатшысы: 

Ж.Г.Есаева

**ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжайының ата-аналар іс-шарасының
№ 3 хаттамасы**

Өткізілген уақыты: 13 қараша 2025 жыл

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, бөбекжай әкімшілігі, медбике және топ ата-аналары.

Жиналыс / Іс-шара тақырыбы: «Үйде және көшеде қауіпсіздік ережелері»

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- 1.«Үйде және көшеде қауіпсіздік ережелері» ақпараттық стендімен таныстыру.
- 2.Балалардың тұрмыстық және жол-көлік жарақаттарының алдын алудағы ата-ана жауапкершілігі.

Тыңдалды (Барысы):

Топ тәрбиешілері қараша айында ұйымдастырылған ақпараттық стенд материалдарын ортаға салды. Үйдегі өткір заттар, электр құрылғылары, дәрі-дәрмектерді баланың қолы жетпейтін жерде сақтау қажеттілігі ескертілді. Медбике көшедегі қауіпсіздік, жолдан өту ережелері және қараңғы уақытта жарық қайтарғыш элементтерді пайдаланудың маңыздылығы туралы баяндама жасады.

Жиналыстың / Іс-шараның қаулысы (Шешімі):

- «Үйде және көшеде қауіпсіздік ережелері» стендіндегі ақпараттар негізге алынып, ата-аналар балаларға күнделікті қауіпсіздік ережелерін түсіндірсін.
- Балаларды үйде немесе көшеде қараусыз қалдыруға жол берілмесін.

Жиналыс төрайымы:



Ф.Х.Даумова

Жиналыс хатшысы:



Ж.Г.Есаева

**ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжайының ата-аналар іс-шарасының
№ 4 хаттамасы**

Өткізілген уақыты: 01 желтоқсан 2025 жыл

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, бөбекжай әкімшілігі, медбике және топ ата-аналары.

Жиналыс / Іс-шара тақырыбы: «Қысқы кезеңдегі денсаулық және Жаңа жылдық мерекелер»

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. «Қыс мезгілінде балалар денсаулығын сақтау» және вирустық аурулардың алдын алу.
2. «Балаларға арналған үздік ертегілер мен кітаптар» тақырыбында кеңес.
3. Жаңа жылдық ертеңгіліктерді ұйымдастыру және қауіпсіздік шаралары.

Тыңдалды (Барысы)

Медбике: А.Бақтыгереева қыс айларында суық тию және тұмау ауруларының жиілейтінін, баланың иммунитетін көтеру үшін дұрыс киіндіру мен дәрумендердің рөлі туралы айтты. Тәрбиешілер балалардың сөздік қорын байыту мақсатында қысқы кештерде оқуға ұсынылатын үздік ертегілер тізімін таныстырды. Әдіскер Жаңа жылдық ертеңгілікке дайындық жұмыстары мен мерекелік киім үлгілері, шырша маңындағы қауіпсіздік ережелері туралы ескертті.

Жиналыстың / Іс-шараның қаулысы (Шешімі):

- Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында медбикенің сауықтыру және алдын алу кеңестері орындалсын.
- Отбасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру үшін ұсынылған ертегілер балаларға оқылып, талқылансын.
- Жаңа жылдық ертеңгілік белгіленген ережелер мен өрт қауіпсіздігі талаптарына сай өткізілсін.

Жиналыс төрайымы:



Ф.Х.Даумова

Жиналыс хатшысы:



Ж.Г.Есаева

**ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжайының ата-аналар іс-шарасының
№ 5 хаттамасы**

Өткізілген уақыты: 14 қаңтар 2026 ж..

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, бөбекжай әкімшілігі, медбике және топ ата-аналары.

Жиналыс / Іс-шара тақырыбы: ««Қысқы қызықтар» мұздан жасалған мүсіндер көрмесі»

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Бөбекжай ауласын абаттандыру, қар мен мұздан мүсіндер жасауға ата-аналарды тарту.
2. Қысқы серуен кезінде балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру.

Тыңдалды (Барысы):

Тәрбиешілер қаңтар айындағы қысқы таза ауаның бала денсаулығына пайдасын айта келе, балабақша ауласында «Қысқы ертегі әлемі» атты қар мен мұздан мүсіндер жасау көрмесіне қолдау көрсеткен ата-аналарға ризашылық білдірді. Ата-аналардың көмегімен жасалған сырғанақтар мен ертегі кейіпкерлерінің мүсіндері балалардың серуен уақытын қызықты өткізуге мүмкіндік беретіні айтылды.

Жиналыстың / Іс-шараның қаулысы (Шешімі):

- Бірлесіп жасалған мүсіндер көрмесі арқылы бөбекжай ауласын безендіру жұмыстары жоғары бағалансын.
- Қысқы серуен кезінде балалардың қауіпсіздігі мен жылы киінуі қадағалансын.

Жиналыс төрайымы:  Ф.Х.Даумова

Жиналыс хатшысы:  Ж.Г.Есаева

**ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжайының ата-аналар іс-шарасының
№ 6 хаттамасы**

Өткізілген уақыты: 05 ақпан 2026 жыл

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, бөбекжай әкімшілігі, медбике және топ ата-аналары.

Жиналыс / Іс-шара тақырыбы: «Ашық есік күні – ата-аналармен ашық байланыс»

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Ашық есік күнінің қорытындысы: Ата-аналардың топтағы ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу нәтижесі.
2. Балалардың сабақ үстіндегі белсенділігі мен тәрбие барысына талдау жасау.

Тыңдалды (Барысы):

Әдіскер: Г.Макашалиева ақпан айында өткен «Ашық есік күнінің» мақсатын түсіндірді. Ата-аналар топтарға кіріп, балаларының сабаққа қалай қатысатынын, тәрбиешімен байланысын, тамақтану және ұйықтау режимін өз көздерімен көрді. Жиналыста ата-аналар өз әсерлерімен бөлісіп, бөбекжай ұжымының кәсіби жұмысына оң баға берді және сұрақтарына толық жауап алды.

Жиналыстың / Іс-шараның қаулысы (Шешімі):

- Ашық есік күні бойынша ата-аналармен кері байланыс нәтижелі деп танылсын.
- Педагогтардың сабақ барысында берген тапсырмаларын үй жағдайында баламен бірге қайталап отыру ұсынылсын.

Жиналыс төрайымы: 

Ф.Х.Даумова

Жиналыс хатшысы: 

Ж.Г.Есаева

**ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжайының ата-аналар іс-шарасының
№ 7 хаттамасы**

Өткізілген уақыты: 03 наурыз 2026 жыл

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, бөбекжай әкімшілігі, медбике және топ ата-аналары.

Жиналыс / Іс-шара тақырыбы: ««Анашым - алтыным» және Ұлттық салт-дәстүрлер апталығы»

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған «Анашым - алтыным» мерекелік ертеңгілігінің қорытындысы.
2. «Салт-дәстүр – ұрпақ қазынасы» ұлттық дәстүрлер апталығы және Наурыз мейрамын мерекелеу (22 наурыз).

Тындалды (Барысы):

Тәрбиешілер наурыз айында өткен мерекелік іс-шараларға тоқталды. Аналарға арналған ертеңгіліктің тәрбиелік мәні жоғары болғанын атап өтті. Сонымен қатар, Наурыз мейрамы қарсаңында ұйымдастырылған ұлттық дәстүрлер апталығы аясында балаларға қазақ халқының салт-дәстүрлері, ұлттық ойындары мен тағамдары таныстырылғаны, бұған ата-аналардың белсенді атсалысқаны (ұлттық киімдер, бұйымдар дайындау) баяндалды.

Жиналыстың / Іс-шараның қаулысы (Шешімі):

- 8 наурыз және 22 наурыз Наурыз мейрамына арналған іс-шаралар жоғары деңгейде өтті деп танылсын.
- Балалардың бойында ұлттық құндылықтар мен анаға деген құрметті қалыптастыру жұмыстары отбасында да жалғасын тапсын.

Жиналыс төрайымы: 

Ф.Х.Даумова

Жиналыс хатшысы: 

Ж.Г.Есаева

**ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжайының ата-аналармен өткізілген
№ 8 СПОРТТЫҚ ІС-ШАРА ЖӘНЕ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген уақыты: «9» сәуір 2026 ж.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, бөбекжай әкімшілігі, медбике және топ ата-аналары.

Тақырыбы: ««Әкем, анам және мен – спорттық отбасы» және дұрыс тамақтану»

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- 1.«Әкем, анам және мен – спорттық отбасы» спорттық сайысының қорытындысы.
- 2.Медбикенің кеңесі: «Балалардың дұрыс тамақтану режимі және дәрумендер».

Тыңдалды (Барысы):

Тәрбиешілер сәуір айында отбасылық құндылықтарды нығайту және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткен спорттық эстафетаға ата-аналардың белсенді қатысқанын атап өтті. Бөбекжай медбикесі көктемгі кезеңде балалардың тамақтану режимі, ас мәзірінің құнарлылығы және ағзаны қажетті дәрумендермен қамтамасыз ету ережелері бойынша дәріс оқыды.

Қаулысы (Шешімі):

- Спорттық сайысқа қатысқан отбасылар марапатталсын және спорттық іс-шаралар жиі ұйымдастырылсын.
- Балалардың үйдегі тамақтану режимі балабақшадағы ас мәзірі талаптарына сәйкестендірілсін.

Жиналыс төрайымы: 

Ф.Х.Даумова

Жиналыс хатшысы: 

Ж.Г.Есева

**ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжайының
қорытынды ата-аналар жиналысының хаттамасы
№9 ХАТТАМА**

Өткізілген күні: 11 мамыр 2026 жыл

Қатысқандар: Бөбекжай әкімшілігі, топ тәрбиешілері, медбике және топ ата-аналары (барлығы 45 адам).

Жиналыстың тақырыбы: «Бір жылғы жетістік – болашақтың бастауы» (Оқу жылын қорытындылау)

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

3. 2025-2026 оқу жылында атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарының қорытынды есебі және балалардың білім, білік, дағдыларының даму деңгейі (Баяндамашы: Топ тәрбиешілері: Ж.Г.Есаева, Г.А.Макашалиева, Ә.С.Ахметова).
4. Жыл бойы бөбекжайдың қоғамдық жұмыстарына белсене қатысқан ата-аналарды марапаттау және алғыс білдіру (Баяндамашы: Меңгеруші: Ф.Х.Даумова).
5. Нұсқаулық / Кеңес: «Жазғы кезеңдегі балалар қауіпсіздігі және жазғы демалысты дұрыс ұйымдастыру» (Баяндамашы: Медбике, тәрбиешілер).

Тыңдалды (Жиналыстың барысы):

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешілері мен әдіскер сөз сөйледі. Олар өткен 2025-2026 оқу жылында атқарылған ауқымды жұмыстарға тоқталып, балалардың жыл басынан бергі алған білімдері мен қол жеткізген жетістіктерін саралады. Балалардың мемлекеттік стандартқа сай бағдарламаларды меңгеру деңгейі, сөйлеу тілі, шығармашылық және моторикалық дағдыларының өсу көрсеткіштері туралы мониторинг нәтижелері таныстырылды. Тәрбиешілер оқу жылы ішінде ата-аналармен бірлесіп өткізілген түрлі көрмелер, ашық сабақтар мен мерекелік шаралардың жоғары деңгейде өткенін атап өтті.
2. Екінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі сөз алды. Ол бөбекжай өміріне тұрақты қолдау көрсетіп, тәрбие үдерісіне белсене атсалысқан, сондай-ақ ата-аналар комитеті құрамында нәтижелі жұмыс істеген белсенді отбасыларға ерекше алғысын білдірді. Жыл қорытындысы бойынша ерекшеленген ата-аналарға бөбекжай әкімшілігі атынан арнайы «Алғыс хаттар» салтанатты түрде табыс етілді.
3. Үшінші мәселе бойынша бөбекжай медбикесі мен тәрбиешілер сөз сөйледі. Олар алдағы жазғы маусымда (маусым, шілде, тамыз айларында) балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мәселесін баса айтты. Ата-аналарға жазғы кезеңдегі қауіпсіздік ережелері бойынша арнайы нұсқаулық берілді. Соның ішінде: су қоймалары мен өзен-көлдердегі қауіпсіздік, терезелерге тор (москитная сетка) орнату және балаларды қараусыз қалдырмау, күн өтуден сақтану (бас киім кигізу, су режимін сақтау), сондай-ақ тұрмыстық жарақаттардың алдын алу шаралары егжей-тегжейлі

түсіндірілді. Ата-аналарға жазғы демалысты баланың денсаулығын нығайтуға және танымдық дамуына тиімді пайдалану туралы кеңестер берілді.

Жиналыстың қаулысы (Шешімі):

- ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжайының 2025-2026 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесі бойынша атқарылған жұмыстары мен балалардың даму нәтижелері «жоғары деңгейде» деп танылсын.
- Бөбекжаймен тығыз байланыста болып, оқу-тәрбие жұмыстарына қолдау көрсеткен ата-аналарға алғыс жариялансын және отбасы мен бөбекжай серіктестігі алдағы уақытта да жалғасын тапсын.
- Жазғы демалыс (үзіліс) кезеңінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау, қауіпсіздік ережелерін мүлтіксіз орындау жауапкершілігі ата-аналарға жүктелсін.
- Медбике тарапынан берілген жазғы күн тәртібі, суға шомылу, дұрыс тамақтану және күн өтуден сақтану бойынша нұсқаулық талаптары отбасында қатаң бақылауға алынсын.

Жиналыс төрайымы:  Ф.Х.Даумова

Жиналыс хатшысы:  Ж.Г.Есаева